

М.Х.Дулата атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті

Физиология ғылымына үлес қосқан ғалымдар

Орындаған:Ибраким Аяжан
Қабылдаған:Баубекова Айжан

Физиологияның дамуына әр елдің ғалымдары зерттеулер жүргізіп, үлкен үлес қосқан. Өте ертеден-ақ әр түрлі тәжірибелер жасау арқылы адам ағзасының құрылысы мен қызметін терең зерттеп білген.

Гиппократ (б. з. б. шамамен 460–377) – көне Грецияда медицина саласын жан-жақты зерттеген ғалым. Адам денесінің құрылысына көптеген бақылаулар жасап, оны жинақтап, бір жүйеге келтірген. Әсіресе адамның ми сауытын және оның жалпақ сүйектерінің бір-бірімен жіктер арқылы байланысатындығын толық сипаттаған.



Клавдий Гален –анатом және физиолог ғалым. Өзінің оқыған дәрістерінде маймылдың мәйітін алғаш рет қолданған. Себебі ол кезде адам мәйітімен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген. Мидан тарайтын 12 жұп жүйкенің 7 жұбын толық сипаттап берген. Дәнекер ұлпасы, бұлшықеттер, жүйке тамырлары, бауыр мен бүйрек қантамырларын зерттеген.



Әбу Насыр әл-Фараби – ойшыл, кемеңгер философ. Ертеде және орта ғасырда философиялық және медициналық білім бір-бірімен тығыз байланысты болған. Ол «Медицинаның міндеті – тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» – деп көрсеткен



Тәжік дәрігері әрі
философы *Әбу Әли ибн
Синаның* «Анатомия мен
физиологияға кіріспе»,
«Дәрігерлік ғылымның
ережелері» («Канон
врачебной науки»)
еңбектері өте құнды.



Уильям Гарвей – ағылшын
дәрігері, анатом.

Қанайналымның тұйық
екендігін алғаш рет дұрыс
түсіндірген. Үлкен
қанайналым шеңберінің
болатынын ашқан.

**Ол физиология ғылымының
негізін салушы ғалым.**



Иван Михайлович


Сеченовты физиологияның атасы деп санайды. Қанда еріген газды алғаш рет зерттеген ғалым. Орталық жүйке жүйесіндегі тежелу процесін ашқан. 1863 жылы «Ми рефлекстері» еңбегін жарыққа шығарды.




Атақты ғалым-биолог,
Нобель сыйлығының
лауреаты **Илья Ильич**
Мечников лейкоциттердің
(қан жасушасы) бөгде
заттарды сіңіріп
қорытуын *фагоцитоз* деп
атады. Қанның лейкоцит
жасушаларының қызметін
жан-жақты зерттеген ғалым.



*Иван Петрович
Павлов* физиологияның
дамуына үлкен үлес қосқан
ғалым. Адам мен
жануарлардың жоғары
жүйке жүйесінің қызметін,
қанайналымының реттелуін
зерттеген.



*Халел Досмұхамедов –
ұрпағының болашағы үшін
күрескен қазақтың біртуар
ұлы. Аз жасаса да, артына
біршама еңбек жазып
қалдырып үлгерген ғалым.*



Назарларыңызға рахмет!